

Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 73 "Ұзынкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қазандағы № 211 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 желтоқсанда № 6032 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 мамырдағы № 80 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 20.05.2016 № 80 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 73 "Ұзынкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5483 тіркелген, "Нұрлы жол" газетінде 2015 жылы 16 сәуірде жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген, "Ұзынкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесінің тарауында көрсетілген " Ұзынкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі келесі мазмұнда 34)-тармақшасымен толықтырылсын:

"34) "Ұзынкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Ұзынкөл ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушысы*

Б. Мұхамедяров